

## Ақмола облысы Бурабай ауданы Кенесары ауылдық округі Кенесары ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы Кенесары ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 01 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда № 5846 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Кенесары ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Бурабай ауданы Кенесары ауылдық округі Кенесары ауылының Зеленая көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кенесары ауылдық  
округінің әкімі*

*Б.Амринов*